# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №27 (1984) 14 ШІЛДЕ 2025 ЖЫЛ


# Білім беру грантына өтініш қабылдау басталды

**Қазақстанда бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру грантына құжаттарды қабылдау ресми түрде басталды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекеттік қызмет көрсетуші жоғары оқу орны ретінде 13-20 шілде аралығында құжаттарды қабылдайды.**



Бұл мерзім ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан ресми бекітілген.

Биыл республика бойынша 77 084 грант бөлінді. Бұл білім алуға тең мүмкіндік беру жолындағы маңызды қадам. ҚазҰУ 50 білім беру бағдарлама тобы бойынша конкурсқа қатысады және талапкерлер осы бағыттар арқылы университетті таңдай алады. Бағдарламалар қатарына гуманитарлық, әлеуметтік, жаратылыстану және техникалық бағыттар кіреді.



**Құжаттарды тапсырудың үш жолы ұсынылады:**

1. Қабылдау комиссиясына келіп тапсыру.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71/21, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы. Жұмыс уақыты: күн сайын 09:00 –18:00

Сондай-ақ қолайлы жағдайлар жасалған:

– электронды кезек жүйесі;
– күту залы;
– университеттің бас тұрақ аймағынан қабылдау бөліміне дейін 15 минут сайын автобус жүреді.

2. Виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы тапсыру.

https://farabi.university/postupayushchim/bakalavriat?&active_tab_order=8 сілтемесі арқылы техникалық хатшымен байланысып, құжаттарды Microsoft Teams арқылы тапсыруға болады.

3. Egov электрондық үкімет порталы арқылы www.egov.kz сайтында ЭЦҚ арқылы онлайн құжат тапсыру мүмкіндігі бар.

**Қажетті құжаттар тізімі:**

- Аттестат немесе диплом және қосымшасы (түпнұсқа);
- Жеке куәліктің көшірмесі;
- ҰБТ сертификаты;
- Квота құжаттары (бар болса);
- 18 жасқа толмаған талапкерлер үшін – ата-анасы немесе нотариалды сенімхаты бар сенімді тұлғаның қатысуы.

ҚазҰУ талапкерлерді жоғары оқу орнының академиялық сапасына, заманауи инфрақұрылымына және кең мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, құжат тапсыруға шақырады.





# Талапкерлер таңдау жасауға кірісті

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті талапкерлерге есігін айқара ашып, қабылдау науқанына қарқынды кірісті.**

Қабылдау комиссиясының алғашқы жұмыс күнінде ҚазҰУ кампусына 600-ден астам талапкер келіп, мамандардан кеңес алып, құжаттарын рәсімдеді. Оның ішінде 283 үміткер мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін ресми түрде өтініш тапсырды. Олардың арасында 27 «Алтын белгі» иегері, 48 үздік аттестат иегері және 208 жеңілдік квотасы бойынша үміткер бар.

«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында талапкер қолайлығы үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда күту залы, кеңес беру бөлімдері және ғимарат алдындағы арнайы шатырлар жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар факультеттердің білім беру бағдарламалары, мамандықтар туралы ақпараттық стендтер қойылған.

Қабылдау нүктелерінде халықаралық университеттердің өкілдері мен басқа да республикалық жоғары оқу орындарының мамандары кеңес беруде.

Электронды кезек жүйесі арқылы талапкерлерге нөмір беріліп, қызмет көрсету барысы ыңғайлы және жылдам ұйымдастырылған. Залдарда кондиционер жүйесі жұмыс істеп тұр, қабылдау үдерісі кідіріссіз жүргізілуде.

Ата-аналар да қабылдау науқанына белсенді қатысуда. Олар оқу бағдарламалары, жеңілдіктер, квоталар мен конкурс шарттары бойынша кеңес алып, балаларына бағыт таңдауға көмектесуде.

Талапкерлер арасында ең жоғары қызығушылықты ақпараттық технологиялар, математика және физика секілді жаратылыстану бағытындағы мамандықтар тудырды. Сонымен қатар филология, құқық және экономика салаларына да сұраныс жоғары.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**




3-бет **АҚШ-тан келген Джон атай жас түлектің диплом алу кешіне қатысты**





4-бет **Алматыны сағынып келген ақын**





5-бет **Повышения эффективности использования ресурсов**




АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

# Бір топтағы 21 студент қызыл диплом иегері атанды

**Филология факультетінің биылғы түлектеріне арналған салтанатты шара – диплом тапсыру рәсімі жоғары деңгейде өтті. Биыл факультетті 552 түлек тамамдады. 439 түлек бакалавр дипломын иеленсе, 113 жас ғалым филология ғылымының магистрі атанды.**

Бітіруші түлектерге оқу ордасының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жүрекжарды құттықтауын арнады. «Университетіміз өзінің 90 жылдық тарихында 200 мыңнан астам білікті маманды даярлады. Олардың ішінде көрнекті ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, халықаралық сарапшылар бар. Сіздердің де осы дәстүрді жалғастыратындарыңызға сенімімін мол», – делінді құттықтауда.

Сонымен қатар болашақ тіл мамандарына филология факультетінің деканы, ҚР ҰҒА академигі Баян Жолдасбекова жылы лебізін білдіріп, еліміздің дамуына қосар үлестерінің маңыздылығын атап өтті.

Осы орайда жағымды жаңалықпен бөлісkіміз келеді. Факультеттің 401-топ түлектері оқу орнын ерекше жетістікпен тамамдады. Топтағы 21 студенттің бәрі оқуын қызыл дипломмен аяқтап, факультет тарихында бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Кіл қыздардан құралған топ Түркітану және тіл теориясы кафедрасында «Екі шет тілі» мамандығы бойынша білім алып шықты.

# Түлектерге сәттілік тіледі

**Физика-техникалық факультетінің түлектеріне арналған салтанатты диплом табыстау рәсімінде сахна төріне алдымен ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың түлектерге арналған құттықтау сөзін оқу үшін Басқарма мүшесі – қаржы-шаруашылық мәселелері және инфрақұрылымды дамыту бойынша проректор Әбдірахман Тасыбаев шықты.**

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің түлектері еліміздің еңбек нарығында өте жоғары бағаланады. Олардың қолында білім мен технологияның кез келген жаңа салаларын белсенді меңгеруге, өз армандары мен ұмтылыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іргелі білімі мен практикалық дағдылары бар. Сіздер де осы игі дәстүрді жалғастырып, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін көтеретін, ел мүддесіне адал қызмет ететін білікті маман мен көшбасшы болатындарыңызға сенемін», – делінді құттықтауда.

Мұнан кейін проректор үздік түлектерге дипломдарды салтанатты түрде табыстап, болашақ жолдарына сәттілік тіледі.

Салтанатты рәсім факультет деканы, профессор Нұрзада Әбдібекқызының құттықтау сөзімен жалғасты.

Биыл физика-техникалық факультетін 380 түлек тамамдап отыр. Оның ішінде 287 жас бакалавр, 93 түлек магистр дәрежесін иеленді.

# Кәсіби өмірге жолдама алды

**География және табиғатты пайдалану факультетінің түлектеріне диплом табыстау рәсімінде Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алина Галеева ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың атынан құттықтады. Ол түлектер үшін университеттің есігі әрдайым ашық екенін жеткізіп, алған білімнің маңыздылығына тоқталып, жастардың кәсіби өміріне сәттілік тіледі.**

География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы, география ғылымының кандидаты Әлия Ақтымбаева сөз сөйлеп, түлектермен мақтанатынын жеткізді. «Сіздердің осында алған білімдеріңіз – алдағы ұзақ әрі қызықты өмір жолының бастамасы. Әркашан жаңа биіктерді бағындырыңыздар, жеткен жетістікпен тоқталмаңыздар!» – деп студенттерге ұмтылыс пен ынта-жігер тіледі.

Құрметті қонақ ретінде әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жеңіс Ысқақова танымал әнін орындап, мерекеге ерекше әсер сыйлады.

























# Еңбек нарығына жаңа мамандар қосылды

**Механика-математика факультетінің түлектеріне диплом тапсыру салтанатында университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың атынан Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов құттықтау сөз арнады.**

«Цифрлық трансформация дәуірінде факультет озық ой мен нақты ғылымдардың көшбасшысына айналды. Факультет түлектері – еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосқан тұлғалар. Олардың қатарында өңірлерді басқарған әкімдер, үкімет мүшелері, ғылым мен өндіріс көшбасшылары бар. Бүгін сіздер үлкен өмірге, жаңа белестерге аяқ басып отырсыздар. Бұл – сіздердің білімге, еңбекке, табандылық пен мақсаткерлікке жеткен жеңістеріңіз. Жаңа жетістіктер мен асуларға жолдарыңыз ашық болсын!» – делінді құттықтау хатта.

Өз кезегінде механика-математика факультетінің деканы Нұрсұлтан Досжан да шәкірттерін диплом алуымен құттықтап, жетістіктерін атап өтті. Биыл факультет 464 маманды даярлап шығарды, олардың 408-і – бакалавр, 56-сы магистр дәрежесін алды. Декан түлектердің ҚазҰУ қабырғасында алған білімі мен дағдылары еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуға жол ашатынын тілге тиек етті.









# Жаңа буын химиктерге диплом табысталды

**Химия және химиялық технология факультетінің бакалавриат түлектеріне диплом табыстау шарасында құрметті қонақтарға және түлектерге арнап құттықтау сөз сөйлеген ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алина Галеева болашақ кәсіби өмірде алған білім мен дағдылардың мәніне ерекше тоқталды.**

Келесі құттықтау сөзді химия және химиялық технология факультетінің деканы Мөлдір Дүйсебаева айтты. Ол биыл факультетті 408 жас түлек аяқтап, олардың кәсіби топқа қосылатынын атап өтті. Түлектердің табандылығы мен еңбегіне алғыс білдіріп, олардың әрқайсысы факультеттің дамуына өз үлесін қосқанын айтты. Декан бакалавр дипломдарын табыс етіп, түлектер алдында жаңа мүмкіндіктер ашылатынын атап өтті.

Ата-аналар атынан Дәурен Сабанбаев құттықтау сөз сөйледі. Жиында диплом табыстаумен қатар, қонақтарға арналған сыйлықтар мен ұтыс ойындары да ұйымдастырылды.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

**Ағаби Әбдусәмедов – ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультетін «Жалпы медицина» мамандығы бойынша аяқтап отырған жас түлек. Ол жоғары оқу орнында сабақты жақсы оқып, ұстаздарының көңілінен шыққан ізденімпаз студент атанды. Университетке түскен алғашқы жылдардан-ақ білімге құштар екенін байқатты. Кітапты көп оқыды, әсіресе мамандығына байланысты қосымша еңбектерді іздеп жүріп оқитын студентті ұстаздары дипломын қолына ұстатып, өмір жолына шығарып салды. Қара шаңырақ ҚазҰУ-да бес жыл білім алып, денсаулық сақтау бакалавры дәрежесін алған Ағабидің есінде бұл күн ерекше қалды. Өйткені оны осыдан үш жыл бұрын АҚШ-тың Массачусетс штатына ағылшын тілін үйренуге барғанда құшақ жая қарсы алған Джон Салливан атай арнайы құттықтап келді. Ағаби Джон атайды өзі туып-өскен Түркістанға апарып, көне қаланың тарихи-мәдени жерлерімен таныстырды. Одан кейін Алматыға, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп, Ағабидің диплом алу салтанатты жиынына қатысты.**

# АҚШ-тан келген Джон атай

## жас түлектің диплом алу кешіне қатысты

– АҚШ-қа жұмыс істеп, тіл үйренуге барғанымда алғашында қиындау болғанын жасырмаймын. Джон атаймен танысып, табысқаннан кейін өзімді жақсы, еркін сезіне бастадым. Тілім де шыға бастады. Үш ай ұзақ уақыт емес, десек те, осы аз уақыт ішінде атаймен тіл табысып, достасып кеттік. Мұхит асып, 10 мың шақырым жерден іздеп келген атама құрметім шексіз, өте ризамын, – деді бізбен әңгімесінде жас түлек Ағаби Әбдусәмедов.



Джон Салливан атай да қазақтың жерін басқанына дән риза. Ол Қазақстан өте көрікті, сұлу мекен екенін тілге тиек етті.

– Алматының тауы өте әдемі екен. ҚазҰУ кампусы да үлкен, табиғаты ерекше көз тартады, – деді әңгіме арасында.

Джон атайдың бірнеше мамандығы бар. Ол – оқытушы, анимация дизайнері, әртіс. Қолы қалт еткенде балаларды қуантуды қалайды. Арасында Санта Клаус болып, бөбектерге қуаныш сыйлайды. Кедей отбасын, көп балалы жанұяларды қолдап, сыйлық бергенді жақсы көреді. Мен ол кісіден Ағабимен қалай танысқанын сұрадым.

– Осыдан үш жыл бұрын Ағаби мен тұратын Кейп-Кодқа (Массачусетс штаты) келіп, менімен үш ай бірге тұрды. Сол кезде ол жұмыс істеп, ағылшын тілін үйренді. Біз өте жақсы тіл табыстық. Ол өте жақсы, тамаша жас жігіт. Шынымен де солай. Ағаби еліне қайтар кезде мен оған «білім алып жатқан университетіңді бітіргенде сенің диплом алу кешіңе келемін, өйткені сен маған өте қымбат адамсың» дегенмін. Сол сөзімде тұрып, мен Қазақстанға келдім. Өзім 1974 жылдан бері елден алғаш рет шығып отырмын. Яғни мен үшін саяхатқа шығу – жат оқиға. Сондықтан бұл жаққа келу маған өте ерекше әсер етті. Қазақстанды көру – сөзбен айтып жеткізе алмайтын тамаша сезім. Өте әдемі ел екен. Тамаша тарихы, мәдениеті мен өнері ерекше. Ағаби мені айналамен жіті таныстырып жатыр. Біз Түркістанда болдық, тағы басқа қалаларға барып, мешіттер мен кесенелерді, тау-тас, үңгірлерді көрдік. Қазақстанда көп елді мекенді көріп, көп ақпарат алдым. Қазақстан сөзсіз керемет ел екен, – деп өз ойымен бөлісті.

Джон Салливан атай Ағабидің диплом алу салтанатына қатысып, ерекше көңіл күйді бастан кешірді. Фараби кітапханасын көріп, оның әдемілігіне, бай қорына тәнті болды. «Кітапхана – өте әдемі, заманауи кейіпте салыныпты. Әрбір оқу орны өз кітапханасының сапасына қарап бағаланады. Кітапханаға қарап, бұл оқу орнын мықты болар деп ойлаймын. Ал Ағабиге сәт сапар, өмірде үлкен табыс тілеймін. Меніңше, ол кез келген жағдайды түсінетін, кез келген қиыншылықтан аман шығатын ақылды жігіт. Мен болашақта Ағаби үлкен жетістікке жетеді деп сенемін», – деген тілегін айтты.

Ал Ағаби өз мамандығын жақсы көретін жас маман. Ол білімін әрі қарай АҚШ-та жалғастыруды жөн көріп отыр.

– Шетелде алған білімімді кейін елімнің келешек игілігіне жұмсағым келеді. Ол үшін көп ізденіп, көп оқу керек екенін түсінемін. Бес жыл бойы білім алған ҚазҰУ-ым менің азамат болып қалыптасуыма, тәжірибе жинауыма өте үлкен ықпал етті. Білім берген ұстаздарыма, зерттеуші-ғалымдарға алғысым шексіз. Мен білімді, білікті оқытушылардан сабақ алғанымды мақтан тұтамын. АҚШ-та жұмыс істеп жүргенімде осы кәсіби білімімнің арқасында екі адамның өмірін құтқарып қалдым. Ол кезде мен екінші курста оқитын едім. Екіжылдық білімнің өзі маған сондай деңгейде тәжірибе берді. Демек, Джон атай да маған текке бауыр баспаған болды ғой, ол менің бойымнан адами ізгі қасиеттерді көрген шығар, – дейді ол.

Біз де өз тарапымыздан АҚШ-тан келген арнайы қонаққа сәтті сапар тіледік. Қайда жүрсеңіз де, аман болыңыз, Джон атай!



**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Кітап – ұлттың

## рухани байлығы



**«Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың III отырысында Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы тапсырма берген еді. Алматы қаласының кітапхана басшылары мен қызметкерлері бұл күнді ерекше түрде атап өтуге және құнды іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысты.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында 10 түрлі маңызды шаралар мен «Қала оқиды» атты флешмоб өтіп, кітап жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Сондай-ақ кітапсүйер қауым шетел жазушыларымен жүздесіп, Республикалық жастар конвентіне қатысуға мүмкіндік алды. Осы аталған конвентке ғылыми жобаларымен кафедраның «Кітапханалық ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының студенттері, магистранттары және докторанттары да қатысты.

Ұлттық кітап күні болып атау берілуі бүгінгі өскелең ұрпақ үшін, ғаламтор мен әлеуметтік желілерде телмірген жастарды кітап оқу мәдениетін арттыруға, сауаттылыққа жетелейтін, орынды мерекелердің қатарында болатыны сөзсіз. Кітап арқылы тәрбиелеп, мәдениетімізді, тарихымызды терең ұғындыруға апаратын ұлы жол.

ҚР Ұлттық кітапханасындағы мәдениетіміз бен тарихымызды ұлықтайтын маңызды іс-шараның бірі «Қазақ кітабының сырлы шежіресі» деп аталған кітап көрмесі болды. Көрменің мазмұнынан ұлт тарихынан сыр шертетін, тағылымы мол туындылар кездесті. Қазақ халқы кітабының тарихы 1807 жылдан бастау алғанын ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында 1900-ден астам атаулы кітаптардың мазмұнымен кітапхана қызметкерлері таныстырды.

Сондай-ақ мәдени мереке шеңберінде отандық баспалар мен кітап дүкендерінің қатысуымен түрлі кітап жәрмеңкелері де көздің жауын алды. Бұл кітап нарығындағы баспагерлерді, ақын-жазушыларды біріктіріп, қазақстандық баспалармен тығыз байланыс орнатуға себеп болды. Отандық авторлардың шығармалары мен жаңа туындылары кітапсүйер қауымның назарына ұсынылды.

«Кітап – руханият мәйегі болса, ал кітапхана – руханияттың ордасына» айналған мекемелерде рухани құндылығы терең шаралар көптеп ұйымдастырылды.

«Кешегі шәкірт – бүгінгі білікті маман» демекші, кітапхана бөлімдерінен 2021 жылғы «Кітапхана ісі» мамандығын аяқтаған шәкірттерімді кездестірдім. Кітапхананы жаңа қырынан таныту, заман ағымына сәйкес түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, кітапхананың заманауи келбетін қалыптастыру жастар қолында. Бұл күннің ұлттық деңгейде мерекеге ұласуы барлық кітапсүйер қауым мен жанашырларын қуантты. Осы шараны ұйымдастыруға бастама көтерген Бөріхан Нұрмұхамедов пен Айдос Сарымды атап өткен жөн.

Әлемдегі ең көп кітап оқитын мемлекетке айналу үшін біраз еңбектену мен күш-жігер жұмсауды қажет етеді. Өйткені кітапхана саласында шешілмеген мәселе өте көп. Олар: маман кадрлардың жетіспеушілігі, кітап қорын сапалы әдебиеттермен толықтыру, маман кадрларды оқытуда оқу құралдарының тапшылығы, кітапхана қызметкерлері жалақысының төмен болуы, кітапхана ғимараттарын өңдеу, жөндеу т.б.

Кітап оқуды насихаттау және жаңа технологияны меңгеріп, кітапханадағы бөлім қызметтерін түрлендіру, жүзеге асыру – кітапханашы мамандардың басты міндеттерінің бірі. Жоғарыда аталған мәселелердің шешімдерін табуға, кітапхана кадрларын даярлау мен кітапханашы мамандардың беделін арттыруда бүгінгі күні кітапхана саласы мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді.

**Назгүл ДЕҢГЕЛБАЕВА,**
*Дүниежүзі тарихы және деректану кафедрасы «Кітапханалық ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты*

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

**Қазақтың белгілі ақыны, әдебиеттанушы-ғалым Серікбай Оспанұлы туралы сөз қозғағанда оның кіндік кесіп, кір жуған туған жері – Торғайды тілге тиек етпеу мүмкін емес. Шәйірдің «Торғай – Ырғыз ортасында тұратын, Балдай атты кішігірім бір ауыл» деген шумағы Сарыарқадағы жағырафиялық нүктелерді ғана қамтымай, қайта ілкілі-кейінді тарихына үңіл, өткен-кеткеніңе көз таста деп тұрғандай. Бұл елді мекен атаулары және сол өңірдегі байырғы күздеулер мен қыстауларда кіндігі кесілген Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет және Батырбек Бірімжановтар, Асқар Закарин сынды ұлт ұстаздарының, сондай-ақ Әбікай Нұртазаұлы, Әлмағамбет Оспанұлы, Қайнекей Жармағамбетовтей ағартушы ақындардың есімдері ел үшін етене, ал зиялы қауым, соның ішінде қазақ ғылымының қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымына ежелден таныс.**

# Алматыны сағынып келген ақын

Университет ұстаздары мен шәкірттері белгілі ақын, әдебиет зерттеушісі Серікбай Оспанұлын жақсы біледі. Тіпті қазақ қаламгерлерінің ішінде студенттерімізге ең танымал тұлғалардың бірі десек, ақиқаттан алыстамаймыз. Мұның себебі – Секеңнің университетіміздің журналистика факультетін 1968 жылы тамамдағанында, шығармаларының баспасөз беттерінде жиі көрініп, кітаптарының көптеп шығып жатқанында ғана емес, сондай-ақ оның шығармашылығының жастарымыздың рухани өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанында. Бұл жалаң мақтау, асыра әсірелеу емес. Басқа факультеттерді айтпағанда, ұстаз ретінде өзіміздің журфак жатақханасында ұйымдастырылып жататын жиын-мерекелерге бара қалғанда өнерпаз жастарымыздың Секеңнің «Сағындым Алматымды» әнін шырқағанының талай рет куәсі болдық. Ал жыл сайын мамырдың соңы – маусымның басында болатын, жан-жақтан әсем Алматыны сағынып келетін университет түлектерінің басқосулары бұл әуенсіз өтпейді.

Ақын ретінде Аққөлді, Шиліөзен мен Балдайды жырға қосып, ғалым-зерттеуші ретінде Ыбырай мен Ахмет сынды ұлы ағартушылардың өмір жолы мен шығармашылығын шұқшия зерттеген Серікбай Оспанұлының зияткерлік қарымын сөз етпес бұрын, оның өзі түлеп ұшып, өмірге жолдама алған қара шаңырағымыздың бүгінгі студенттеріне қалам қайраткерінің шәкірттік шағы жөнінде аз-кем мағлұмат бере кеткенді жөн көрдім. Секең Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған жылы Қостанай облысындағы Жанкелдин ауданының «Шилі» кеңшарында, Балдай қоныс орнында өмірге келген. Қамысты ауданындағы Бестау орта мектебін бітірген соң, С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1968 жылы аяқтайды.

Серікбай Оспанұлын оқуға қабылдау туралы бұйрыққа қол қойған да, оған диплом тапсырған да ҚазМУ-дың ректоры, математик-ғалым Асқар Закарин болатын. Жазушы Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романында сөз етілетін Міржақып Дулатұлының асыл Отаны Қызбелде өмірге келген Асқар Закарин КСРО құрамындағы Қазақстан Үкіметі төрағасының орынбасары, республиканың сыртқы істер министрі болып істеген. Сол кездегі ең үздік оқу орны – Мәскеу мемлекеттік университетін бітіріп, жоғары геометрия бойынша диссертация қорғаған алғашқы қазақ ғалымы А.Закарин 1941-46 жылдары неміс басқыншыларына қарсы шайқасады. Сөз өнеріне бейім Закарин майдандық газетте журналист те болады. Кеңестер Одағының Батыры Мәншүк Мәметова туралы алғашқы очерктің авторы да осы Асқар Закарин. Болашақ журналистердің мұны білгендері жөн.

Жангелдин аудандық «Социалистік ауыл» газетіне «Туған жер» деген тырнақалды өлеңі 1961 жылы 16 жасында жарық көрген Секең Алматыға оқуға келгенде қаламы төселген лирик ақын болатын. Университет қабырғасында жүріп, журналистік жанрларды игерген ол сатираға да ден қоя бастайды. Мәселен, 1966 жылы оның «Бір дүкенде» атты сықағы «Екпінді еңбек», «Кейбіреу» атты түйремесі «Социалистік Қазақстан» газеттерінде, «Осылай баий бастадым» атты сатирасы республикалық «Ара» сын-сықақ журналында жарық көреді. Осылайша ол өзінің ұстазы, филология ғылымының докторы, профессор Темірбек Қожакеевтің дуалы аузына ілігеді. Студент шығармашылығының зерттеушілер назарына ілігуі әдебиет пен журналистикада сирек кездесетін құбылыс. Сөйтіп, сатирик Серікбай Оспанұлының есімі Темкеңнің «Қазақ сатирасы», «Қазақ совет сатириктері» атты монографияларында Бейімбет Майлин, Сейділдә Төлешев, Оспанхан Әубәкіровтермен қатар аталады. Осы жолдардың авторы студент кезінде бұл деректі профессор Темірбек Қожакеевтің дәрістерінде оның өз аузынан естіген-тін.

Университетте Секең сондай-ақ ұлттық журналистика ғылымының негізін қалаған профессорлар Тауман Амандосовтың, Қайыржан Бекхожин мен Әбілпайыз Ыдырысовтың тәлім-тәрбиесін көрді. Журналистика факультетінің студенттеріне бұл есімдер жақсы таныс болуы керек.

Серікбай Оспанұлы өмірге келген Шилі мекені ақындар ауылы болатын. Мәселен, Торғай ақындық мектебінің белді өкілі, Әбікай Нұртазаұлы 1921 жылғы ашаршылық жайлы «Тас мешін» дастанын жазған. Абай өлеңдерімен танысқаннан кейін жыр жазуды доғарған ақын өзінің «Абайды оқығанда» атты өлеңінде «Өзімді жерде, Абайды көкте көрем//Талас жоқ шын ақынға өрен дарын// Өлеңге енді қайтіп өкпелемен» деп толғанады. Әбікай ақынның поэзия теориясына қатысты «Өлең туралы» деген еңбегі бар. Бұл оның жан-жақты білім иесі, ғалым, ойшыл екенін көрсетсе керек. Әбікай ақынның бел баласы Ахметқан да ақын,



шежіреші, термеші болған. Секең әкелі-балалы ақынның бұдан он жыл бұрын «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Дүлдүл» атты кітабында: «Ахметқан Әбіқайұлы 1978 жылы Алматыға келіп, екеуміз академик Смет Кеңесбаевтың үйінде болдық. Ахаң жиналған ғалымдарды шешендігі, әншілігі, тапқырлығы, күйшілігі, шежірешілігі, жыршылығымен де тәнті етті», – деп жазған еді.

Шилілік ағартушы-ақын, молда Әлмағамбет Оспанұлының өлеңдерін Секең бала күнінен құлағына құйып өсті. Әлмағамбет молда М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихына енген тұлға. Әлмағамбет 13 жасында Торғай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин ашқан төрт кластық орыс қолөнер мектебіне түсіп, ағаш ұстасы деген мамандық алып шығады. Содан кейін 17 жасында осы Торғай қаласындағы алты жылдық орыс мектебінің 4-класына қабылданып, оны 1905 жылы бітіреді. Қаражат жинап, 1911 жылы Троицк қаласындағы Зейнолла ишан салдырған «Расулия» медресесіне түседі. Оқи жүріп «Айқап» журналына, «Қазақ» газетіне өлеңдерін бастырып, мақала жазып тұрады. 1917 жылы туған жері Шиліде «Бостандық» мектебін ашып, бұл жөнінде «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымдағы №233 санында «Бостандық» мектебі» атты мақала шығарады. Бұл фактілерге болашақ журналистер құлақ түреді деген сенімдеміз.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2017 жылы аталып өткен мектептің ғасырлық мерейтойына Секең қатысып, сөз сөйледі.

Әлмағамбет Оспанұлының Жармағамбет деген інісі де ақын, мысалшы болған. Ағайынды ақындардың «Өсиет» атты кітабы 2011 жылы Қостанайда жарық көрді. Осы кітаптағы мақаласында Секең былай деп жазады: «Селдір сақалды, аққұба өңді, үнемі үстіне ақ шапан киіп жүретін осы бір инабатты, мейірімді кісіні танитындардың бәрі қатты сыйлайтын. Кездескен жерде ілтипат көрсетіп, інілері інілік, ағалары ағалық ізет жасайтын. Киімі қандай таза, ақ болса, көңілі де сондай кіршіксіз, ашу шақырып, дауыс көтеріп сөйлемейтін сабырлы адам болатын».

Міне, осындай текті ортада туып-өскен Серікбай Оспанұлының Алматыдағы әдеби ортаға араласуы да көңіл аударарлық. Оқуға келген талапкер Секең анау-мынау емес, майдангер ақын, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Сырбай Мәуленовтің үйінде жатады. Секең өзінің «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» деген кітабында Сырбай ағасы «Нұрекең туралы поэма жаз» деп ақыл-кеңес бергені жайлы айтып өтеді. Мұнда автордың Нұреке деп отырғаны – «Жасауыл қырғыны», «Ұры қарға» дастандарының авторы, халық ақыны Нұрхан Ахметбеков. «Арада біраз уақыт өткен соң, мен «Нұрхан ақын» деген поэма жазып, Сырағаңа оқып бердім... Кенесарының батыры болған Шәкір батыр жайлы «Өткен күн ескерткіші», Шақшақ Жәнібек туралы «Жәнібек Тархан» поэмаларымның желісін айтып, ақыл-кеңес беріп жаздырған Сырағаң еді», – дейді Секең.

XVII ғасырдағы біртуар тарихи қайраткер, жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық күрестің белді қаһармандарының бірі Шақшақ Жәнібек жайлы 2023 жылы «Дарын» баспасында жарық көрген «Шақшақ Жәнібек Тархан» атты кітапта Секеңнің жоғарыдағы поэмасы «Шақшақ Жәнібек» деген атпен берілді. Елу беттік көлемді дастанда ұлттық сана-сезімге және отаршылдар қалыптастырған стереотиптерге қатысты салмақты ойлар айтылады. Мәселен, ақын қалмақ халқымен тарихи қарым-қатынастарға өз көзқарасын былайша түйіндейді:

*«Ел қамын ойлау енді*
*сорым ба құр,*
*Кім бүгін Күн тұтылтып*
*жолында тұр?!*
*Кім бізді қалмақтармен*
*жауықтырған,*
*Білмейміз – әлемде не*
*болып жатыр?*
*Қалмақты жолықтырсақ*
*күнде өрістен,*
*Достасып ел емес пе ек*
*күн көріскен,*
*Үзіліп туысқандық*
*кетпесін деп,*
*Қыз алып,*
*Екі ел талай қыз беріскен»,*
– деп жазады.

Ақын қазақ және қалмақ халықтарының ымыраға келу қажеттілігін баса айтады. Тарихи тұрғыдан алғанда қазақтар мен қалмақтар бауырлас, қандас халықтар. Поэманың идеясы – қазіргі заманда екі халық бір-бірінің мәдениетін, дәстүрін, өнері мен тілін, әдебиетін дәріптеу арқылы өзара түсіністікті арттырулары қажет.

Журналистика факультетінің Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы 2017 жылғы сәуірде қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш журналист Нәзипа Құлжанованың 130 жылдығына арнап ғылыми-әдістемелік конференция өткізді. Жиынды ұйымдастыру барысында Секеңнің «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» атты кітабындағы «Тұңғыш тілші-ақын қыз» атты мақала пайдаланылды. Бұл мақалада былай делінген: «Екінің бірі Нәзипадан да бұрын әйел теңдігі, қыздарды оқыту мәселелері жөнінде ой толғаған қазақ қызының болғанын біле бермейді. Ол – Сақыпжамал Тілеубайқызы. Оның публицистикалық мақалалары мен өлеңдерін 1911-15 жылдар аралығында Троицк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналының беттерінен ұшырастыруға болады... С.Тілеубайқызының қашан, қай жерде туғаны, тұрғаны, қайтыс болғаны әзірге белгісіз». Зерттеушісін тосып тұрған бұл дерекке болашақ журналистердің, әдебиетшілер мен тарихшылардың назарын аударғымыз келеді.

...Арқалы ақын жүрегі алып-ұшып асқаралы Алатауды, алма бағы мен жастар әнін ғана сағынып келген жоқ. Ол ілім-білімге бет бұрған, талпынған тау ұлымен қауышқалы келді. Ендеше сезімтал ақынды бауырымызға басайық!

**Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,**
*журналистика факультетінің доценті*

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ ● №27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

**Немаловажный фактор и серьезное внимание Правительства РК было обращено на расширение базы промышленности за счет широкого вовлечения в производство вторичных материальных ресурсов, в том числе отходов производств и некондиционных природных полезных иско-паемых. Комплексное использование сырья и отходов важно еще и потому, что оно связано с решением проблемы создания безотходных промышленных технологий. Разработка и освоение безотходных технологий имеют важное значение для предприятий химической, горнохимической, металлургической, угольной и других ресурсоемких отраслей промышленности в Республике.**

# Повышения эффективности использования ресурсов

В июне 2024 года в городе Астана прошел V Форум угольной промышленности, организованный Республиканской ассоциацией горнодобывающих и горно-металлургических предприятий (АГМП) при поддержке Министерства промышленности и строительства РК в рамках Международного горно-металлургического конгресса Astana Mining & Metallurgy, который был посвящен развитию углехимической отрасли, технологическим достижениям и перспективам.



Угольная промышленность является одной из важнейших ресурсных отраслей Республики Казахстан, обеспечивая более 70% выработки электроэнергии, полную загрузку коксохимического производства, а также удовлетворяя потребности коммунально-бытового сектора и населения страны. В отрасли занято порядка 32 тысяч человек, и она играет ключевую роль в экономике страны, — подчеркнул вице-министр промышленности и строительства Олжас Сапарбеков.

Казахстан обладает значительными запасами угля, по данным с сайта invest.gov.kz, по запасам угля Казахстан находится в 8 месте в мире, объем которого 34 млрд. тонн., что делает его одной из ведущих угледобывающих стран мира.

Основные угольные бассейны — это Карагандинский бассейн содержит как энергетические, так и коксующиеся угли, Экибастузский бассейн, Тургайский бассейн содержит значительные запасы бурого угля.

Месторождение Шубарколь характеризуется высококачественным каменным углем марки «Д», где добыча ведется открытым способом, что, как правило, приводит к образованию значительного количества мелкой фракции. Мелкая фракция угля, известная как «штыб», представляет собой угольную пыль и мелкие частицы размером менее 6 мм, с низкой энергетической ценностью.

Утилизация мелкой фракции углей с низкой энергетической ценностью важная задача для угольной промышленности, направленная на сокращение отходов и повышение эффективности использования ресурсов. Решением этого вопроса может стать комплексная переработка углей.

Комплексная переработка угля играет важную роль в достижении Целей устойчивого развития (ЦУР), поскольку позволяет снизить негативное воздействие угольной промышленности на окружающую среду и повысить эффективность использования ресурсов.

Твердые горючие ископаемые применяются пока главным образом как топливо и лишь в небольшой части как химическое сырье. Возможности практической реализации результатов исследований и разработок заключается в том, что любое органическое соединение можно синтезировать тем или иным путем как из соединений нефтяного происхождения, так и из угля.

Вклад комплексной переработки угля в достижение «ЦУР 7: Недорогостоящая и чистая энергия». К этой цели развития можно отнести цикл работ процессов газификации угля и производство синтетического топлива, что позволяют диверсифицировать источники энергии и снизить зависимость от традиционных углеводородов.

Для превращения органической массы мелких фракции углей в жидкие продукты необходимо провести деструкцию угольных макромолекул и увеличить концентрацию в них водорода, что обычно достигается нагреванием угля под давлением молекулярного водорода в среде пастообразователя, обладающего водородно-донорными свойствами.

Известно, что такие полимеры, как полиэтилен содержат около 14 мас.% водорода, в изношенных шинах процент водорода составляет 9-10 мас.%. В процессе совместного термопревращения с углем они могут выступать в качестве потенциального источника водорода, необходимого для превращения угля в легкокипящие углеводородные фракции. В процессе их совместного термического превращения с углем происходит взаимодействие радикальных фрагментов термической деструкции угля с радикалами полимера, что предотвращает протекание вторичных реакций полимеризации и поликонденсации угольных продуктов, приводящих к образованию кокса.

Если остановиться на «ЦУР 9: Индустриализация, инновации и инфраструктура», то развитие комплексной переработки угля стимулирует инновации в угольной и химической промышленности.

В частности, в производстве угольных брикетов, мелкую фракцию угля смешивают со связующим веществом (например, смолой, глиной) и прессуют в брикет, который имеет более высокую энергетическую ценность и удобны для использования в бытовых и промышленных целях.

В процессах газификации мелкая фракция угля подвергается высокотемпературной обработке с ограниченным доступом кислорода, в результате чего образуется горючий газ, который может быть использован в качестве синтез газа для химической промышленности.

Гуминовые вещества извлекаемые в основном из бурых углей могут быть использованы в качестве гуминовых удобрений для использования в аграрном секторе.

В Казахстане такими исследованиями занимаются на кафедрах факультета химии и и химической технологии при КазНУ им. ал-Фараби и ИОСУ НАН РК, г. Караганда. Степень разработанности проблемы отражена в монографиях Байкенова М.И., Жубанова К.А., Хрупова В.А., Мухтар А.А., Каирбекова Ж.К.

В рамках решения задач по «ЦУР 12: Ответственное потребление и производство» комплексная переработка угля позволяет максимально эффективно использовать ресурсы и снизить количество отходов, через использование золы и шлаков, образующиеся при сжигании мелкой фракции угля, последние могут использоваться в качестве добавки при производстве цемента, бетона и других строительных материалов.

Таким образом, ключевые аспекты комплексной переработки угля в контексте ЦУР это решение экологической безопасности через внедрение современных технологий, обеспечивающих минимальное воздействие на окружающую среду, социально экономический эффект через обеспечение конкурентоспособности продукции и создание новых рабочих мест.

Комплексная переработка угля – это многоступенчатый процесс, направленный на максимально эффективное использование всех компонентов угля, а не только его энергетической ценности. Это позволяет создать платформу для циркуляционной экономики и не только повысить экономическую эффективность угольной промышленности, но и существенно снизить её негативное воздействие на окружающую среду.

**Марат ТУЛЕПОВ,**
*заведующий кафедрой химической физики и материаловедения*

OUR GRADUATE



# A scholar-diplomat bridging Kazakhstan and China

Serik Naryssov is a prominent Kazakh sinologist and diplomat whose career has combined academic distinction, high-level state service, and sustained intercultural engagement. A graduate of the Faculty of Oriental Studies at Al-Farabi Kazakh National University (KazNU), he was among the first students admitted to the newly established Department of Chinese Studies in 1989 – a pivotal moment in Kazakhstan's intellectual and geopolitical evolution. At a time when the newly independent republic was beginning to articulate its foreign policy priorities, the launch of the Chinese Studies program marked a strategic investment in long-term regional expertise. Mr. Naryssov seized this opportunity with foresight and dedication, laying the academic groundwork for a career that would significantly shape Kazakhstan's diplomatic engagement with China. His training at KazNU combined intensive language study with deep immersion in Chinese history, philosophy, and political thought, equipping him to operate as both a scholar and a practitioner of cross-cultural diplomacy.

Driven by a strong early interest in history and the fate of the Kazakh diaspora in China, Mr. Naryssov chose to pursue Chinese over Persian or Arabic. He underwent rigorous language training and spent a formative period at Xinjiang University in Urumqi as an exchange student. He later completed postgraduate studies in International Relations at Peking University, deepening his understanding of Chinese politics and foreign policy.

Mr. Naryssov launched his diplomatic career at the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, initially serving as referent and attaché. From 1995 to 2001, he was posted to the Embassy of Kazakhstan in China, rising to the rank of second secretary. He later held positions as first secretary and counselor at the Ministry in Astana.

In 2004, he was appointed Deputy Secretary-General of the Shanghai Cooperation Organization (SCO), representing Kazakhstan at one of the most significant regional multilateral institutions. He also served as a personal interpreter for the President of Kazakhstan during high-level negotiations with Chinese leaders. His efforts contributed to key achievements in Kazakh-Chinese relations, including the establishment of consular services, progress in nuclear nonproliferation talks, and expanded economic cooperation.

In recognition of his academic and diplomatic contributions, Mr. Naryssov was awarded the Order of Parasat – one of Kazakhstan's highest civilian distinctions. He also received a special medal from Al-Farabi Kazakh National University for outstanding service to education and international cooperation. As a committed alumnus of the Faculty of Oriental Studies, Mr. Naryssov actively supports future scholars through financial assistance to students and regular guest lectures on Oriental Studies and diplomacy. His continued involvement with academic institutions reflects a strong belief in the transformative power of education to cultivate thoughtful, globally oriented professionals.

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

**Фатимабибі Дәулет – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетін алғашқы бітірген түлектердің бірі, тәуелсіз Қазақстандағы қытайтану ғылымының қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан көрнекті ғалым. Ол – ұстаздық пен ғылым жолын қатар алып жүрген, есімі Қазақстан ғана емес, шетелдік қытайтану қауымдастығына да жақсы таныс тәжірибелі маман. «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері, «Жоғары оқу орындарының үздік мұғалімі», «Қытай тілінің ең үздік мұғалімі» байқауларының жеңімпазы.**

**Бұл мақалада Фатимабибі Ноғайқызының шығыстану мен қытайтану саласында 35 жылдан астам уақыт бойы жүргізіп келе жатқан ғылыми-педагогикалық қызметі, ізденістері, жеңістері мен кәсіби сынақтары туралы баяндалады. Ғалым ретінде қалыптасу кезеңі, ұстаздық жолындағы жаңашыл бастамалары мен ұлттық ғылымға қосқан үлесі кеңінен сөз болады.**



# Академиялық адалдық пен ұлтқа қызмет – ұстаздық жолымның темірқазығы

Менің кәсіби жолымның бастауы ұстаздықпен тікелей байланысты. 14 жасымда Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, оны 19 жасымда үздік аяқтадым. Бұл – менің алғашқы альма-матерім. Осы оқу орнының қабырғасында мен ұстаздықтың мәні мен маңызын түсіндім, білім беру ісіне деген ішкі ықылас пен жауапкершілікті бойыма сіңірдім.

Қызылорда педагогикалық колледжі – еліміздегі ең көне оқу-ағарту орындарының бірі. Аталмыш оқу орнының терең тарихы мен ел үшін атқарған өлшеусіз еңбегін біреу білсе, біреу біле бермейді. 1932 жылы негізі қаланған бұл білім ордасы алғашында Қызылорда қазақ педагогикалық техникумы деп аталған болатын. 1952 жылы Алматы педагогикалық училищесінің Қызылордаға көшірілген бөлімімен бірігіп, Қызылорда қазақ қыздар педагогикалық училищесі ретінде қайта құрылды. Осылайша бұл оқу орны қазақ қыздарын білім мен тәрбие ісіне даярлайтын еліміздегі ең іргелі орталықтардың біріне айналды. Училищеден түлеп ұшқан әрбір жас маман педагогика мен психология негіздерін жетік меңгеріп, бірнеше тілді қатар игеріп, кем дегенде екі музыкалық аспапта (фортепиано, баян, аккордеон, домбыра, қобыз және т.б.) еркін ойнай алатын. Сонымен қатар тұрмыстық мәдениетке бейімделген, үй шаруасына икемді (түрлі тағамды дайындау, киім тігу және тоқу және т.б.), бесаспап, өмірге жан-жақты дайындалған ұстаз ретінде еңбек жолын бастайтын. Бізді тәрбиелеген ұстаздарымыз – Сәнімкүл Желдербаева, Зиябек Мұхамедәлиев, Ұлтуған Омарова сынды ағарту ісінің майталмандары ұстаздықты тек мамандық емес, қоғам алдындағы жауапкершілік деп ұғындырды. Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген қағидатын бізге өмірлік ұстанымға айналдырды. Білім беру ісіне деген шынайы сүйіспеншілігім мен ұстаздыққа деген терең құрметім дәл осы ортада қалыптасты.

Ұстаздық пен ғылым жолын таңдауым кездейсоқ емес, саналы түрде қабылдаған өмірлік мұратым. Бұл жолдың бастауында менің анам – Социалистік Еңбек Ері, «Ғасырдың анасы» Сәлима Жұмабекқызының өнегелі өмірі тұр. Адал еңбек, әділдік, адамгершілік, ұлтқа қызмет ету секілді өмірлік ұстанымдар маған анамның ақ сүтімен дарып, болмысымның өзегіне айналды. «Арыңнан жаның садаға», «Еліңе не берем де», «Артыңда жақсы сөзің қалсын» деген аталы сөздер мен үшін тек ұлағатты мұра емес, өмірлік бағдар болды. Өнегелі ұрпақ өсіріп, білікті шәкірт тәрбиелеу – сол тәрбиенің жалғасы, жанымның ішкі тілегі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында менің ғылыми жолымның іргетасы қаланды. Бұл жолда менің бағыма орай кезіккен ұстаздарым – академик Әбсаттар қажы Дербісәлі, профессорлар Кеңес Қожахметов, Әбдіғали Шөпеков, Клара Хафизова, Нұржамал Алдабек, Гүлнәр Надирова сынды тұлғалар мен үшін тек білім беруші ғана емес, рухани бағдаршам, кәсіби кемелдіктің өлшемі болды. Олар өз ісімен де, сөзімен де ғылымның шынайы болмысын ұғындырып, ғалым болу – ол ар алдында, ұрпақ алдында, ұлт алдында адал болу деген терең ұстанымды санамызға сіңірді.

Аталмыш ұстаздарымыздың «Бір сөз айтсаң да – өз сөзің болсын, бір сөйлем жазсаң да – өз ойың болсын» деген қағидалы ескертулері әлі күнге дейін жадымда жаңғырып тұрады. Бұл ұлағатты сөздер жай педагогикалық кеңес емес, академиялық адалдықтың биік өлшемі. Ғылым саласында жалған диплом, жасанды ғылыми мақалалар мен квазижетістіктер белең алып тұрған қазіргі таңда ұлы ұстаздардың осы сықылды өнегелі аманаты бұрынғыдан бетер маңызды, бұрынғыдан бетер өзекті деп санаймын.

1994 жылы шығыстану факультетінің қытайтану бөлімін үздік дипломмен тамамдаған соң, ұстаздарымның кеңесімен осы өзім оқыған факультетке оқытушы болып қабылданып, ұстаздық, ғалымдық өмір жолымды қара шаңырақтың қабырғасында бастап кеттім. Менің мақалаларым, қытай тілінен жасаған аудармаларым студент кезімде-ақ түрлі ғылыми басылымдарда, республикалық газеттерде жариялана бастады. Қарап отырсам, оқуға қабылданған 1989 жылдан бері, қырыққа тарта жыл ішінде отандық және шетелдік басылымдарда 200-ден аса ғылыми еңбек жарық көріпті. Олардың ішінде 25-і – қазір еліміздің және шетел университеттерінде қолданылып жүрген оқулықтар, монографиялар, сөздіктер, тілашарлар.



1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте қазақ және қытай тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастырмалы тұрғыда талдауға арналған кандидаттық диссертациямды сәтті қорғадым. Бұл еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін отандық қытайтану ғылымы аясында қорғалған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болды.

Зерттеу жұмысымның ғылыми жетекшісі ретінде қазіргі таңда түркітану саласына сүбелі үлес қосып жүрген ғалым – Раушан Авакова тағайындалды. Жас болса да, ол кісі сол кезеңде маған ғылымға бет бұруда бағыт-бағдар беріп, диссертациялық жұмысты жазу барысында құнды кеңестерін аямай, ғылыми жетекші ғана емес, шынайы тәлімгер бола білді. Оның қамқорлығы мен ұстаздық қолдауы менің кәсіби және ғылыми тұрғыда қалыптасуымда маңызды рөл атқарды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Орталық Азия кеңістігінде қытай тілі бойынша ғылыми дәреже алған мамандардың қатары өте аз еді. Диссертацияма ресми оппонент ретінде шақырылған жалғыз маман – өзбекстандық ғалым, филология ғылымының кандидаты Акрам Каримов болды. Ол кісі арнайы Ташкенттен келіп, менің зерттеу жұмысымды мұқият саралап, ғылыми тұрғыдан бағалап, өз ой-пікірін ортаға салды. Бұл мен үшін ғана емес, еліміздегі жаңадан қалыптасып келе жатқан қытайтану ғылымы үшін де маңызды сәттердің бірі болды.

Қорғаудан кейін мен де ғылыми ортаға белсенді араласып, жас ізденушілердің жұмыстарына ресми оппонент ретінде қатыса бастадым. Осылайша елімізде қытайтану бағыты біртіндеп дамып, кәсіби мамандардың жаңа буыны қалыптаса бастады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ғылыми жолымда бағыт-бағдар берген барлық ұлағатты ұстаздарыма шынайы алғысымды білдіремін. Мен үшін олардың сенімін ақтау – үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Қытайтану ғылымына адал қызмет етіп келе жатқаныма қуанышпен қарай отырып, бұл жолда әлі де тер төгуге дайын екенімді мақтанышпен емес, терең жауапкершілікпен қабылдаймын.

Менің ғалым және ұстаз ретінде кәсіби қалыптасуыма жол көрсеткен ұстаздарымның қатарында шетелдік белгілі ғалымдардың да орны ерекше. Олардан алған білім, көрген өнеге менің таным көкжиегімді кеңейтіп, ғылымға деген көзқарасымды тереңдете түсті. Әсіресе ҚазҰУ мен Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университеті арасындағы оқытушылар мен студенттер алмасу келісімі аясында елімізге арнайы келіп, дәріс оқыған қытайлық ұстаздар – профессор Ли Цзиң, Ма Шуцин, сондай-ақ Шыңжаң университетінде оқып жүрген кезімде тәлім берген Ху Айхуа мен Лю Тұнды ағай-апайлардың педагогикалық шеберлігі мен әдістемелік мәдениеті мен үшін кәсіби эталонға айналды. Сондай-ақ М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде постдокторантурадан өтіп жүрген кезеңде ғылыми жетекшілік жасап, бағыт-бағдар берген А.М.Карапетьянц, Тань Аошуань, М.Ю.Ульянов, М.В.Софронов сынды қытайтану ғылымының көрнекті өкілдері берген ақыл-кеңесі мен көрсеткен ғылыми қолдауы менің зерттеушілік жолыма жаңа тыныс, таным көкжиегімді кеңейтетін терең серпін, кәсіби болмысымды қайтадан жаңғыртқан рухани қуат болды.

Ғылыми тағылымдамалардан бастап, халықаралық докторантураға дейінгі жолда мен алған білім мен тәжірибені ел игілігіне жұмсауға ұмтылып келемін. «Болашақ» халықаралық бағдарламасының иегері ретінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде докторантурада білім алып, ғылыми көкжиегімді кеңейттім. Қытай тіліне арналған алғашқы отандық оқулықтарды әзірлеп, оларды ұлттық білім беру стандартына бейімдеу менің ұстаздық миссиямның маңызды бөлігіне айналды. Сонымен қатар еліміздің беделді университеттерінде мәдени жобалар мен ғылыми семинарлар ұйымдастыруды азаматтық әрі кәсіби парызым деп білемін. «Қазақстан жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» және «Қытай тілінің үздік оқытушысы» республикалық байқауларының жеңімпазы ретінде қазіргі таңда мен Орталық Азия кеңістігінен халықаралық симпозиумдар мен форумдарға ең жиі шақырылатын қытайтанушы ғалымдардың бірі болып саналамын. Соңғы оқу жылында Қытайдың Бейжің, Нанпин, Тайчжоу, Сиань, Ланьчжоу, мен Үндістанның Ченнай, Тируччираппалли сияқты ірі қалаларында өткен 10-нан астам халықаралық симпозиумдар, конференциялар мен форумдарға толық грант негізінде қатысып, Қазақстан ғылымын халықаралық алаңдарда танытуға үлес қосуға мүмкіндік алдым.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қытайтану кафедрасында менің жетекшілігіммен аударма және мәдениетаралық коммуникация бағытында ғылыми мектеп қалыптасып келе жатқаны мен үшін үлкен мақтаныш. Осы тұрғыда түрлі халықаралық конференцияларда Қазақстан қытайтануының мәртебесін жоғарылатып жүрген, есімдері академиялық ортаға танымал шәкірттерім Е.Керімбаев, Д.Мәдиев, Д.Дәуен, Н.Абдраев, А.Қойбақова, Г.Бірімқұлова, Р.Асылбеков, Р.Желдібаева, Г.Қатбаева, Г.Рахимбекова, Л.Жүнісбек сынды болашағынан үлкен үміт күттіретін жас ғалымдарды ерекше атап айтқым келеді.

Бүгінгі күні менің кәсіби жолым – ғылыми адалдық, ұстаздық жауапкершілік және ұлтқа қызмет ету қағидаттарына негізделген. Бұл жолда алған марапаттар мен ғылыми жетістіктер – сыртқы баға емес, ішкі ұстанымның нәтижесі. Мен үшін ең үлкен жетістік – шәкірттерімнің табысы, ұлт ғылымына қосқан шынайы үлес және өз ісіме деген адалдық. Сөзімнің соңында академиялық адалдық пен ұлтқа қызмет ету – ұстаздық жолымның темірқазығы болып саналатынын тағы баса айтқым келеді. Осы қағиданы берік ұстана отырып, алдағы уақытта да еліміздің білім беру және ғылым саласының дамуына үлес қоса бермекпін.

**Фатимабибі ДӘУЛЕТ,**
*Қытайтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ ● №27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

**At the start of the academic year, Al-Farabi Kazakh National University welcomes international students into its Faculty of Medicine. Coming from countries like Yemen, India, Sudan, and Afghanistan, they begin not only their medical studies but also a journey of cultural exchange and personal growth.**

**To support this, the university organizes events that help students feel part of the community. One such event, "Healthy Lifestyle – Healthy Nation," introduced students to the values of well-being and unity as part of the Sustainable Development Goals (SDG) program.**

**In the interviews below, students reflect on their first experiences at KazNU, their changing view of medicine, and the importance of such events in their academic and social lives.**

# KazNU Across Borders:
## First-Year Perspectives of Tomorrow's Doctors



**Osamah Fahd AL-Ozaib**
**1st course student**
**Faculty of medicine and health**
**Country: Yemen**

**– How has your perspective on medicine changed since studying at KazNU?**

– Since studying at KazNU, my view of medicine has become much more practical and patient-centered. I've learned that medicine is not just about memorizing facts, but also about understanding people and solving real-world problems. The hands-on training and early exposure to clinical cases have really opened my eyes to the responsibility doctors carry. It's made me more passionate and motivated to become a knowledgeable and compassionate physician.

**– How well do you think KazNU prepares students for real medical practice?**

– KazNU does a great job of combining strong theoretical foundations with practical experience. We have access to experienced faculty, modern labs, and early clinical exposure, which helps us apply what we learn in real-life situations. The curriculum is well-structured to gradually build up our clinical skills. I feel more confident each year that I'll be ready to handle the challenges of medical practice after graduation.

**– What did you think about the "Healthy Lifestyle – Healthy Nation" event?**

– The event was an eye-opening experience for me. I was impressed by the variety of perspectives shared by students from different countries on health and well-being. I really appreciated how the event highlighted the importance of maintaining good health for a prosperous society, which aligns perfectly with SDG 3. It made me realize that health is not just an individual responsibility, but a collective one that can shape the future of nations.

**– How did this event help you feel more connected to the university and your fellow students?**

– The event was a great way for me to connect with other students from different cultures and backgrounds. It made me feel part of a global community here at KazNU. I was able to share experiences, learn new things, and discover different cultural practices related to health. It made me feel more integrated into the university and more motivated to contribute to the well-being of others.



**Mehvish**
**2nd course student**
**Faculty: general medicine**
**Country: Kashmir India**

**– How has studying at KazNU influenced your future plans?**

– Studying at KazNU has significantly broadened my perspective, both academically and culturally. It has opened up more opportunities for my future, from research prospects to potential career paths I hadn't considered before. Being part of such a diverse and dynamic environment has motivated me to aim higher and think more globally.

**– What advice would you give to other international students thinking about studying here?**

– My advice would be to fully embrace the experience – both academically and socially. Don't hesitate to engage with people from different backgrounds, because socialising here is a big part of personal growth. Be open-minded, take advantage of the resources and opportunities available, and you'll gain so much more than just a degree.





**Abdul Rahim Kabiry**
**2nd course student**
**Faculty: pharmacy**
**Country: Afghanistan**

**– How would you describe your experience with the education system here?**

– Studying in Kazakhstan, especially at Al-Farabi Kazakh National University, has been a very different experience compared to my studies in Afghanistan. The education system here is more interactive and research-based. I really appreciate the focus on practical knowledge, presentations, and critical thinking. At first, it was a bit challenging to adjust, especially because I was used to a more traditional and theory-heavy system back home. But over time, I started to enjoy the learning style here. It encourages more independence and involvement in class discussions, which I find very helpful for personal and academic growth.

**– What do you think about the university buildings and facilities? Are they comfortable for studying?**

– Yes, I find the university buildings and facilities very modern and comfortable. The lecture halls are well-equipped with projectors and comfortable seating, and the libraries are spacious with good access to both printed and digital resources. The laboratories, especially in the pharmacy, are equipped with advanced tools and technology, which really helps us with understanding practical subjects. The campus itself is beautiful and has peaceful spots for studying or just relaxing between classes. Overall, I feel like the environment here truly supports learning.



**Ahmed Alsamani**
**1st course student**
**Faculty: medical department**
**Country: Sudan**

**– What does a typical day as a medical student at KazNU look like for you?**

– A day in alfarabi kazNU is very busy but enjoying at the same time, usually my lectures start between 9 AM and 12 AM. The schedule is quite full of anatomy, histology, microbiology, chemistry, and biology sessions.

We don't take a lot of practical lessons on real patients because we still in the 1st year of college,but we work on models that are similar to the actual human body and also we study histological slides. The study program depends on seminars so we need to represent the topic to the group mates and also answer oral questions.

The university has a busy and intense way of teaching but it's rewarding and helps me to learn how to become a future doctor.

**– How does the teaching style at KazNU compare to what you're used to?**

The style of studying in alfarabi kazNU is very strict and academically demanding, and i think it's because it's researhes university, but at the same time this style helps us a lot as its preparing us to become doctors that are capable of doing research that will be effective in treating the patient.

**– How did the "Healthy Lifestyle – Healthy Nation" event impact your view on health and wellness?**

– The event really expanded my understanding of what it means to have a healthy lifestyle, especially from the perspective of sustainable development. I learned that health is not just about eating well or exercising, but also about mental and emotional well-being. SDG 3 emphasizes good health and well-being for all, and this event beautifully highlighted how interconnected health is with the overall development of a society. It was inspiring to see the variety of ways different cultures approach well-being.



**Susan Sultani**
**4th course student**
**Faculty: general medicine**
**Country: Afghanistan**

**– What changes would you like to see in the education system at KazNU?**

– As a medical student at KAZNU, I would like to say that there is more focus on theory but not on clinical parts, While our theoretical foundation is strong, there is often a delay in real clinical exposure. Medicine is a practical science, and learning must extend beyond textbooks. I would like to see students, even in their early years, spending more time in hospitals, observing doctors, interacting with patients under supervision, and participating in real medical procedures. This will not only build confidence but also bridge the gap between theory and practice.

**– What would you recommend to junior students?**

To junior students and future doctors, medicine is a challenging yet deeply fulfilling journey. Build a strong academic foundation, stay organized, and let your curiosity guide your learning. Prioritize your mental and physical well-being your future patients need a healthy you. Learn from mentors, grow with peers, and never lose sight of your purpose: to help others. Treat every patient with dignity, and listen with empathy because medicine is both a science and an art. As future doctors, our values and choices today shape who we become. Let us lead with compassion, integrity, and dedication starting right here at KazNU, where our journey begins.

***At Al-Farabi Kazakh National University, international students don't just gain medical knowledge – they become part of a diverse and supportive community. Events like "Healthy Lifestyle – Healthy Nation", organized by the university and faculty, play a vital role in this journey. Through cultural exchange and discussions around SDG 3 (Good Health and Well-being), students feel more connected, inspired, and included.***

***These initiatives help shape not only future doctors, but also open-minded individuals who understand the importance of health, unity, and shared responsibility. For many, it's a reminder that their education here goes far beyond textbooks—it's a path toward global citizenship and meaningful contribution.***

**TURSYNBEKOVA U.,**
**UZAKBAYEVA Z.,**
**ABDIZHAPPAR A.**
*Foreign language Department*

**Prepared by Aizhan MULDAGALIEVA**

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №27 (1984) 14.07.2025 ЖЫЛ

# Ұлттық домбыра күніне әзірленген бейнеролик

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен шетелдік білім алушылары Ұлттық домбыра күніне орай, «Ер Тұран» күйін орындап, Баспасөз қызметі бейнеролик әзірледі.**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтауында: «Домбыра – ұлт болмысы, халық қазынасы. Әсіресе өскелең ұрпақтың домбыраға деген ықыласы ерекше. Жастар төл мәдениетімізді терең түсініп, салт-дәстүрімізге құрметпен қарайды. Бұл өте жақсы үрдіс. Өйткені ата-бабаларымыздың мәдени мұрасын көздің қарашығындай сақтау – нағыз отаншылдықтың көрінісі», – деп атап өтті.



Осыған сәйкес, бейнероликте білім алушы жастардың ұлттық өнерге деген ерекше ықыласы, оқу ордасының оқу жылындағы жетістіктері, студенттер өміріндегі маңызды шаралар қамтылған. Атап айтқанда 1-курс білімгерлерін Студенттер қатарына қабылдау кеші, оқу ордасының 90 жылдық мерейтойында студенттердің Президент Алғыс хатымен марапатталу сәті, Түлектер күні, диплом табыстау рәсімі сияқты оқиғаларды көруге болады.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Инновациялар байқауында бақ сынайды

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы Орталық Азия өңірінде 2025 жылғы Қытайдың халықаралық студенттік инновациялар байқауының финалына өтті.**







Толағай Дүйсебаев басқарған KazSensor-Materials командасының құрамына ҚазҰУдың физика-техникалық факультетінің студенттері Ләззат Әбдіжалилова, Айдана Бақытжан және Аян Тілеу кірді. Олар «Радиоэлектроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша білім алуда.

Студенттер инженерлік дайындықтың жоғары деңгейін, шешімдердің өзіндік ерекшелігін және топтық жұмысты көрсете отырып, барлық байқаудың кезеңдерін сенімді түрде еңсерді. Команданың жобасын сарапшылар жоғары бағалады және аймақтық деңгейдегі үздіктердің бірі ретінде танылды.

Биыл күзде KazSensor-Materials Шанхайда (Қытай) өтетін Гранд финалда ҚазҰУ мен Орталық Азияны таныстырады. Байқау финалында Орталық Азия мен Қытай елдерінің ең мықты студенттік командалары өздерінің инновациялық әзірлемелерін көрсетіп, жеңіске жету үшін бақ сынасады.

ҚазҰУ студенттік командасы құттықтаймыз!

**Гүл БАЯНДИНА**

## Әбу Насыр әл-Фараби - 1155



**Жүрек – өзіне денедегі басқа бір мүше әмір жүргізе алмайтын басты ағза. Одан кейін ақыл келеді. Ақыл да басшы мүше, бірақ оның басшылығы – бірінші емес, екінші орында. Ол жүректің әмірін орындайды және басқа барлық мүшеге әмірін жүргізеді, өйткені оның өзі жүрекке қызмет етеді. Басқа ағзалар жүректің жаратылыс қалауымен оған қызмет көрсетеді.**

# Көкшоқыға серуен



**Тұрақты даму мақсаттарының №3 – «Салауатты өмір салты және әл-ауқат» бағыты аясында химия және химиялық технология факультетінің ұжымы Көкшоқыда демалып қайтты.**

Химия және химиялық технология факультетінде дәстүрге айналған жақсы бір үрдіс бар. Оқу жылының соңында оқытушылар мен студенттер табиғат аясында бас қосып, біржылдық еңбектің жемісін бірге атап өтеді. Биыл да бұл игі дәстүр жалғасын тауып, факультет ұжымы Көкшоқы Qalalyq ferma демалыс орнына серуен ұйымдастырды.

Көкшоқының таза ауасы, шырайлы табиғаты мен кең жазықты жері демалушыларға ерекше әсер сыйлады. Іс-шараға оқытушы-профессорлар құрамы, магистранттар, студенттер мен эдвайзерлер қатысты. Сонымен қатар оқытушылардың жасөспірім балалары да демалысқа қатысып, шараның мазмұнын арттыра түсті.

Бағдарлама аясында балалардың, факультет ұжымының қатысуымен түрлі қызықты ойындар мен жарыстар ұйымдастырылды. Эстафеталық сайыстар, командалық ойындар, танымдық викториналар мен шығармашылық байқаулар демалысқа серпін беріп, ұжымдық рухты нығайтты.

Табиғат аясындағы ашық дастархан басында жылы тілектер мен естеліктер айтылып, еркін әрі бейформал жағдайда әңгіме өрбіді. Балалар да ойындарға белсенді қатысып, үлкендермен бірге шаттанып, шадыман күй кешті.

Іс-шара соңында ерекше белсенділік танытқан балалар мен жарыстарда жеңіске жеткен үш команданың мүшелеріне сыйлықтар табысталды. Марапаттау рәсімін университет проректоры А.Галеева жүргізді. Ол қатысушыларға алғыс айтып, алдағы уақытта да осындай ұжымдық шаралардың жалғасын табуына тілектестік білдірді.

Бұл демалыс тек сергіп, күш жинауға емес, ұжым ішіндегі достық пен ынтымақты арттыруға, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар, отбасы мүшелерінің арасындағы байланысты нығайтуға үлкен септігін тигізді.

Факультет ұжымы алдағы уақытта да бұл дәстүрді жалғастырып, осындай мазмұнды шараларды жиі ұйымдастыруды мақсат етіп отыр.

**Бейкұт БАЛҒЫШЕВА,**
*Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті, х.ғ.д.*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetі» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.